

6. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. - М., 1984.
7. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. - Алматы: Арыс, 2005. - 256 б.
8. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы, 3 том. - Алматы: Қазығұрт, 2004.
9. Қасенов Е.С. Тілдің қатысымдық және танымдық табиғаты. - Алматы: «Ғылым ордасы» РМК, 2011.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б. 11 Нұржекеев Б.Өзендер өрнектеген өлке. - Алматы: Жалын, 1987. - 228 б.

1822 ЖЫЛҒЫ М.М. СПЕРАНСКИЙ РЕФОРМАСЫ: ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ТАЛПЫНЫСЫ

Қайнар А.С

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
kainarova.aiym@mail.ru
Қарағанды қ.

Патша үкіметінің қазақ даласының саяси мәртебесін түбегейлі қайта қалыптастыруға бағытталған маңызды шараларының бірі - XIX ғасырдың 20-жылдары Орта және Кіші жүз аумақтарында жүзеге асырылған басқару реформалары болды. Бұл өзгерістер аймақтың әлеуметтік-экономикалық және саяси өркендеуіне айтарлықтай әсер етті. Реформалардың пайда болуына XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ахуал түрткі болған еді. Қазақтардың Е.Пугачев жетекшілік еткен шаруалар көтерілісіне және С.Датов бастаған қозғалысқа қатысуы хандық биліктің әлсіздігін айқын көрсетіп, өзгерістердің қажет екенін дәлелдеді. Қазақ қоғамында халық сайлаған хандардың жүргізген саясаты үнемі қолдау таппай, кей кездері наразы топтардың бой көрсетуі де байқалды. Мысалы, 1795 жылы бірқатар сұлтандар мен билер Уәли ханды тақтан тайдыру жөнінде императрица Екатерина II-ге өтініш жолдаған. Абылай хан дүниеден өткеннен кейін Орта жүзде билікке алдымен Уәли хан, кейінірек патша әкімшілігі бекіткен Бөкей хан келді. Ресейдің мұндай ұстанымы хандық институттың әлсіреуіне және оның беделінің төмендеуіне әдейі бағытталған саясат болатын. Қазақ даласындағы қосөкіметтік жағдай 1817 жылы Бөкей ханның, ал 1819 жылы Уәли ханның қайтыс болуымен тоқтады. Осы екі хан дүниеден өткеннен соң Ресей билігі Орта жүздегі хандық басқару жүйесін толық жою жөнінде түпкілікті шешім қабылдады [1].

Алғашқы Сібір комитетінің құрылуы, «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» пайда болуы патша сарайындағы ықпалды мемлекет қайраткері, реформатор Михаил Михайлович Сперанскийдің есімімен тығыз байланысты. 1812 жылы бұрынғы қызметінен кеткен Сперанскийге Александр I 1819 жылдың 22 наурызында Ресей империясының ұлан - ғайыр аумағын қамтитын Сібір генерал-губернаторы қызметін тапсыру туралы жарлық шығарады. М.М. Сперанский Сібірдің табиғи байлығын тиімді пайдаланып, империяның отарлау саясатын күшейтуді мақсат тұтты және бұл бағыттағы қызметі қысқа уақыттың ішінде-ақ үлкен беделге ие болды. 1820 жылдың басында Сперанский өзінің атқарған міндеттері туралы есеп бере отырып, патшаға «Сібірде істейтін түк қалмады, оны басқару мүмкін емес, мұндай аймаққа басқа тәртіп пен басқа адамдар қажет» деген мазмұндағы хабарлама жібереді. Ол Тобольск, Томск және Иркутск өңірлерін қамтитын Сібір аумағы мен қазақ даласын түбегейлі реформаламайынша, Ресей капитализмі үшін қажетті экономикалық табысқа қол жеткізу мүмкін емес деп қорытынды жасайды. Осы мақсатпен 1819 жылы Азия департаментінің құрамында қазақ даласына қатысты саяси-экономикалық мәселелермен арнайы айналысатын Азиялық комитет атты ерекше мекеме құрылады. Комитеттің тапсырмасына сәйкес, сол кезеңге дейінгі орыс - қазақ байланыстарын нақты зерттеу үшін Сперанский 1819 жылы Солтүстік - Шығыс Қазақстанға сапар шегеді. Қазақ қоғамының тыныс - тіршілігімен таныса келе, ол қызына жазған хатында жергілікті халықты «жабайы» жұрт деп сипаттайды. Сонымен бірге өзінің рөлін асыра бағалап: «Мен Сібірдің шынайы саяси мәселесін аштым, бұл тұрғыда менімен тек Ермак қана теңесе алады» деп жазады [2, 121 б.]. Ермак - Көшім хан басқарған Сібір хандығына басқыншылық жорық жасаған казак атаманы. Осы салыстырудың өзі Сперанскийдің отаршыл көзқарастағы ресейлік шенеуніктердің қатарына жататынын айқын көрсетеді.

А.А. Аракчеевтің тікелей қолдауына сүйенген М.М. Сперанский Сібір комитеті арқылы өзінің реформалық бастамаларын жылдам іске асыруға мүмкіндік алды. Оның қайта құру бағытындағы қызметі бірнеше маңызды құжаттарда көрініс тапты. 1822 жылдың 22 шілдесінде патша 4019

тармақтан тұратын он заңды бекітті. Сол заңдар құрамына «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» да енді. 1821 жылғы 28 шілдеден 1822 жылғы 19 мамырға дейінгі қысқа уақыт ішінде Сібір комитеті біртұтас заңнамалық құжаттар жинағын қарап шықты. Бұл құжат дәстүрлі хандық билікті жоюға және қазақ қоғамының әкімшілік - саяси жүйесін түбегейлі өзгертуге ықпал еткен алғашқы нормативтік актілердің бірі болды. Аталған Жарғының дайындалуынан кейін декабристтер қатарында болған Г.С.Батюшков белсенді атсалысты. Сонымен қатар ол Сібірді басқаруға қатысты заң жобаларына қосымша түсіндірме бөлімдер әзірледі. Олардың қатарында құрлық жолдары, этаптық жүйе құру, жер аударылған «бұратаналарды» қадағалау, «Орта Орда» аймағына империялық билікті енгізу мәселелері болды. Реформа нәтижесінде Сібір аумағы екі генерал - губернаторлыққа бөлінді: Батыс Сібір және Шығыс Сібір. Олардың орталықтары ретінде Тобольск пен Иркутск қалалары белгіленді. Жарғы талаптарына сәйкес қазақ даласы округтерге, округтер болыстарға, ал болыстар ауылдарға жіктелді. Алғашқы округтерді құру үшін марқұм Уәли ханның Көкшетау өңіріндегі қоныстары мен бұрынғы Бөкей ханның Қарқаралы маңындағы ауылдары таңдап алынды. Жалпы жоспар бойынша бастапқыда жеті округ ашылып, кейін олардың санын 8 - 10-ға дейін көбейту көзделді.

Ең алғашқы сыртқы округ - Қарқаралы округі 1824 жылы 8 сәуірде ашылды. Жаңадан құрылған бұл округтің құрамына кірген болыстарда шамамен 20 мың шаңырақ, яғни 6000-ға жуық ер азамат болғаны есептеледі. Кейін бірінен соң бірі жаңа сыртқы округтер пайда болды: 1825 жылы - Құсмұрын, 1826 жылы - Баянауыл, 1831 жылы - Аягөз (Сергиополь), 1832 жылы - Ақмола округі. Жаңадан енгізілген үш сатылы басқару жүйесі - округ, болыс, ауыл - бұрынғы рулық басқару құрылымын іс жүзінде толық жойып жіберуге арналды. Жарғының 5-параграфы бойынша ауыл 50 - 70 шаңырақтан, болыс 10 - 12 ауылдан, ал округ 15 - 20 болыстан тұруы тиіс деп белгіленді [3, 299 б.]. Белгілі жырау Жыраубатаев (1802 - 1874) округтік приказдардың мәнін төмендегі жолдармен бейнелеген:

Глянь - дуаны со всех сторон...
Сверх- султан ли иль сверх-судья,
Нет народу от них житья.

Округтер құрамында өмір сүрген қазақ қауымы бұрынғыдай еркін қоныс аудару құқығынан айырылды. Енді көшіп - қону тек өз округінің шегінде ғана мүмкіндік алды. Мұндай шектеу дәстүрлі рулық жер қатынастарын бұзып, рулардың бірге көшіп жүруіне негізделген патриархалды-рулық өмір салтының іргесін шайқалтты [4, 125 б.]. Бұл жағдай 1780 - жылдары Кіші жүзде губернатор Игельстромның реформаларын жүзеге асыруға талпынысын еске түсіреді. Ол кезде қазақ ортасында «расправа» деп аталатын ұйымдық бірліктер құру көзделген болатын. Бұл құрылымдар рулық дәстүрге негізделіп, қазақ қоғамындағы тайпалық-рулық жүйеге сай ұйымдастырылуы тиіс еді. Мұндай жағдайда нақты аумақтық шекаралар болмағаны белгілі. Игельстром қазақ қауымының рулық-тайпалық бөлінісін басшылыққа алып, реформаларын сол ерекшеліктерге бейімдеп жүргізуге тырысты. Ал М.М. Сперанскийдің ұсынған өзгерістері одан өзгеше сипатта болды: ол далада рулық жүйеге емес, ең алдымен белгілі бір территорияға байланысты жаңа әкімшілік құрылым қалыптастырды. Көшпелі қауымның саяси жүйесінде дәстүрлі түрде тайпалық байланыс территориялық бірліктен жоғары тұрғанын ескерсек, мұндай жаңалық көшпенді халық үшін тосын және бір мезгілде қазақ қоғамының ішкі құрылымына тікелей қол сұғуды білдірді. Соған қарамастан, Жарғыда округтер ең әуелі бір ру немесе ұрпаққа жататын, бұрыннан бірге орналасқан болыстардан және оларға шектес болыстардан құралуы қажет екені көрсетілді. Алайда аумақтық бөлініс рулық-тайпалық ұйымнан жоғары қойылғандықтан, бұл дәстүрлі құрылымның бұзылуына әкелді. Қайта жасалған әкімшілік жіктеу нәтижесінде кейбір ірі рулар өздерінің көлеміне байланысты тұтас бір округке сыймай, бірнеше әкімшілік аймақтарға бөлініп кетуге мәжбүр болды [5, 248 б.].

Үкіметтің жергілікті көшпелі халыққа қатысты басты ұстанымдарының бірі - оларды отырықшылыққа бейімдеу, егіншілікке тарту және көшпелі тұрмысты біртіндеп жою еді. Жарғының 177,178-параграфтарында қоныс аударып, егіншілікке көшкендерге 15 десятинаға дейін жер бөлуге рұқсат берілген. Ал сұлтандарға бұл мөлшер үш есе, старшындарға екі есе көлемде үлестірілуі қарастырылды. Округтерде әлеуметтік жіктеліс ескеріліп, байлар мен кедейлер үшін астық дайындау, тасымалдау және сату бағалары әртүрлі деңгейде белгіленді. Қазақ даласында арақ - шарап сатуға тыйым салынып, жергілікті тұрғындарға өз өңірлеріндегі көлдерден тұз жинауға рұқсат етілді.

Жарғы сауда ісін жандандыруды да көздеді. Онда былай делінген: «§188. Әрбір қырғыз (қазақ) өзінің өнімдері мен қолөнер бұйымдарын округ ішінде де, оның сыртында да, тіпті шеп бойындағы кедендер мен бекеттер арқылы да еркін өткізуге құқылы». Құжатта қазақтардың мемлекетке салық төлеуі міндеттелді - әр жүз бас малдан бір бас мөлшерінде (түйеден басқа). Көшпелі қауымнан алынатын алым әдетте мал санының қырықтан бір бөлігіне тең болды. Аға сұлтан Сүйік Абылайханов 1832 жылы Омбы облысының губернаторына жолдаған хатында қоқандықтардың Ресей қол астындағы

казактардан 40 -50 кошқардан бір кошқар салық жинағанын жазады. Салықтың түйелерге салынбауы олардың санын көбейтуді ынталандыру мақсатынан туған. Себебі түйе - даладағы керуен саудасының негізгі жүк көлігі ретінде шешуші рөл атқарған.

Бұрынғы жоғары мәртебелі Шыңғыс ұрпақтары енді мемлекеттік қызметкерлер қатарына өткізіліп, оларға империя заңдарын жергілікті халыққа түсіндіру міндеті жүктелді. Мұрағат материалдары округтік әкімшілік қызметкерлерінің әр санатына төленетін жалақы мөлшерін нақты анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда: аға сұлтан жылына - 1200 сом, әрбір орыс заседателіне - 1000 сом, қазақ заседателіне - 200 сом, тілмашқа - 800 сом, дәрігерге - 1000 сом, болыс сұлтандарына - 150 сом, іс жүргізушілерге - 300 сом көлемінде ақы тағайындалған [3, 302 б.]. Қазақ қоғамын басқарудың тиімді тетіктерін қалыптастыру мақсатында жергілікті элита Ресей империясының бюрократиялық аппаратына енгізіліп, «Табель о рангах» жүйесі бойынша ресми шендер берілді. Аға сұлтан майор атағын алып, 8-класс дәрежесіне ие болды; округтік приказдың орыс және қазақ заседательдері 9-классқа жатқызылды, ал болыс сұлтандарына 12-класс берілді. Ресейдің «Табель о рангах» жүйесіне сәйкес барлығы 14 класс болған. Оның алғашқы сегізі мұрагерлік дворян атағын иеленуге құқық беретін. Осылайша аға сұлтан теория жүзінде империяның дворян сословиесіне қосыла алатын тұлғалардың қатарына енгізілді. Дегенмен бұл мәртебе автоматты түрде берілмеді. «Жарғының» 51-параграфы бойынша, дворян атағын алу үшін қызметке үш мерзім бойы сайланып, содан кейін ғана «Ресей империясының дәрежесіне сәйкестік туралы диплом» сұрауға рұқсат етілді. Осылайша, Жарғы мен «Табель о рангах» қағидалары бойынша ресейлік дворяндыққа тек шектеулі санаттағы Шыңғыс ұрпақтары ғана үміткер бола алды. Қазақ ақсүйектерінің басым бөлігі іс жүзінде бұл сословиеден тыс қалды. Тарихшы Қазбек Жиренчиннің пайымдауынша, «1822 жылғы реформа қазақ қоғамындағы сұлтандық топтың ықпалын айтарлықтай төмендетіп, билер мен старшындардың позициясын күшейтті. Сұлтандар да, билер мен старшындар да отарлық әкімшіліктің бюрократиялық жүйесіне айналды. Толыққанды тиімді болмағанымен, дәл осы құрылым арқылы патша өкіметінің отарлық саясатын жүргізу мүмкін болды».

Қазақ қоғамында ақсүйектер қатары едәуір көп болғандықтан, олардың арасында жиі орын алған ішкі тартыстар ру - тайпаларды бір орталыққа толық бағындыруға мүмкіндік бермеді. Бұл жағдай империяның оларды материалдық қолдау мәселесінде айтарлықтай қиындықтарға әкелді. Прибалтика немесе Грузиядағы жер иеленуші феодалдардан өзгеше, көшпелі қазақ ақсүйектерінде жеке меншік территория болмаған, сондықтан олардың экономикалық негізі әлсіз болды. Патша үкіметі оларды өз жағына тартуға мүдделі еді, себебі дала жағдайында әскери жорықтар жүргізе алатын кәсіби күш ретінде пайдалану мүмкін болды. Осыған байланысты империялық көзқарас тұрғысынан алғанда, қазақ чингизидтері бұрынғыдай артықшылыққа ие дворян сословиесіне толық сәйкес келмей қалды. Сондықтан қазақ ақсүйектерінің барлығын бірдей бұл әлеуметтік топқа енгізудің қажеттілігі тумады, әсіресе оларды дербес сословие ретінде тану мақсатында. Ресей билігі үшін оларды қабылдау тек жеке тұлға ретінде, бюрократиялық аппаратта қызмет атқарған жағдайда ғана мүмкін саналды. Мұндай қадам империяның орталықтандырылған әкімшілік жүйесінің саяси логикасына толық сай келді.

Жарғының маңызды тұстарының бірі - қазақ элитасының екі негізгі тобын өзара қарсы қою. Осы мақсатпен округтегі билікті Шыңғыс әулетінің өкілдеріне тапсырды және оны ресейлік казак жасақтарымен күшейтті. Бұл рулық-тайпалық ақсүйектердің ықпалын әлсіретті, себебі бюрократиялық жүйеде оларға тек ауылдық старшын деңгейінде ғана орын қалдырылды. Оның үстіне, 50 - 70 үйден тұратын ұсақ ауылдар ірі рулық бірлестіктерді толық қамти алмады. Белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың айтуынша, «1822 жылғы Жарғы мен Кіші жүздегі саяси өзгерістер нәтижесінде, үкіметтен ұрпаққа берілетін дворяндық атақ алған аға сұлтандардан басқа, бұрынғы ақсүйектер тобы өз артықшылықтарының көп бөлігін жоғалтты». Шыңғыс тұқымдары бұл жаңалықтарға қарсы болды. Бұған Қасым Абылайхановтың жазбаша наразылығы дәлел бола алады. Ол округтердің құрылуы және сұлтан Ғұбайдолланың тұтқындалуына байланысты генерал-губернатор Капцевичке хат жолдады. Қасым сұлтан өзінің хатында округтердің таратылуын талап етіп, Ғұбайдолланы не себепті ұстағанын түсіндіруді сұраған. Ең қызығы - ол бұл хатты өзін патшаға тәуелді шенеунік ретінде емес, дербес билеуші, тіпті шет мемлекет өкілінің деңгейінде жазған. Оның сөздері соны дәлелдейді: «Егер сіз тарапынан әскери әрекет басталса, біз де қарап отырмай, мүмкіндігімізге қарай қарсы шара қолдануға мәжбүр боламыз. Ресейдің біздің елдерімізге жасап отырған қысымы мен алдауларын көтере алмаймыз. Айтылған жайттардың барлығы бойынша дереу жауап беруіңізді талап етемін» [5, 254 б.].

Қазақтың дәстүрлі элитасы орын алып жатқан өзгерістерге бей-жай қарай алмады. Алайда Оңтүстік өңірде, Орта Азиямен шекаралас аймақтарда қазақтар бұрынғыдай саяси ықпалын жүргізе алмай қалды. Ресеймен ашық қақтығыс орын алған жағдайда XVIII ғасырдың екінші жартысында Сырым Датұлы, сұлтан Қаратай бастаған қайраткерлер секілді шегінетін кеңістік те қалмаған еді. Бұл

кезеңде, тіпті, Ұлы жүздің кейбір өкілдері Ресейге өзі сұранып бағыныштылыққа қабылдауды жиі өтінетін болды. Бұл жағдай оңтүстік қазақтарының Орта Азия хандықтарының, әсіресе Қоқан хандығының күшейген қысымынан қатты зардап шегіп отырғанын көрсетеді. 1822 жылғы реформа қазақ даласында XVIII ғасыр бойы жалғасқан халықтық қозғалыстар мен толқулардың тарихи сабақтастығын айқындап, кейінгі оқиғаларға тікелей алғышарт жасады.

Бұл реформа империяның отарлық мүдделерін іске асыруға арналған негізгі құралдардың біріне айналды: әскери - бюрократиялық аппаратты күшейту, халықты бақылаудың жаңа тетіктерін енгізу, жер мен салық саясатын қайта бейімдеу арқылы қазақ даласын біртіндеп империялық кеңістікке енгізу көзделді. Сонымен қатар өзгеріс қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымына да әсер етті. Көшпелі шаруашылықты реттеу формасы қайта қаралып, жерге иелік ету мәселесі империяның талаптарына сай түзетілді. Сауда қатынастары мен алым-салық жүйесі жаңаша экономикалық қатынастардың қалыптасуына ықпал етті. Әлеуметтік жағынан реформа ішкі қоғамдық қатынастарды өзгертіп, рулық басқару институтының әлсіреуіне, ал оның орнына патша әкімшілігіне тәуелді жаңа топтың қалыптасуына жол ашты. Жергілікті халықтың мүддесі мен дәстүрлі құқық нормалары ескерілмей, империялық саяси-әкімшілік мақсаттар басым қойылды. Соның нәтижесінде қазақ даласында отарлық қысымға қарсы наразылық қозғалыстарының күшеюі байқалды.

Осылайша 1822 жылғы реформа Қазақ жерінің XIX ғасырдағы отарлану тарихында шешуші орын алады. Ол ұлттық мемлекеттіліктің негіздерін әлсіретіп, дәстүрлі басқару жүйесінің күйреуіне түрткі болды және елдің саяси-әлеуметтік дамуына ұзақ мерзімді ықпал етті. Аталған реформа хандық билікті түбегейлі жойып, қазақ қоғамын Ресей империясының орталықтандырылған бюрократиялық басқару жүйесіне кезең - кезеңімен кіріктіруді көздеді. Нәтижесінде ғасырлар бойы көшпелі қоғамдық-саяси құрылымның тірегіне айналған чингизид ақсүйектері өздерінің бұрынғы артықшылықтары мен ықпалынан айырылды. Империялық әкімшілік қазақ элитасын енді тең дәрежедегі саяси күш ретінде емес, тек мемлекеттік қызметке жекеше негізде тартылатын әлеуметтік топ ретінде қабылдады. Сперанскийдің жүргізген реформасының тарихи мәні - оның қазақ даласындағы хандық билікті жоюға бағытталған алғашқы ірі қадам болуы. Бұл өзгерістер қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына, саяси көзқарасына және дәстүрлі басқару жүйесіне ұзақ мерзімді ықпалын тигізді. Осы себепті 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» қазақ мемлекеттілігі тарихындағы аса маңызды бетбұрыс кезеңдердің бірі саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ермекбай Ж. А. Устав о сибирских киргизах 1822 г. и казахи Среднего жуза // Известия Иркутского государственного университета. Серия История. 2022. Т. 41. С. 7-13. <https://doi.org/10.26516/2222-9124.2022.41.7>
2. Чибиряев А.С. Великий русский реформатор. Жизнь, деятельность, поли. Взгляды М.М.Сперанского. - М.: Наука 1989. -216 с.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. - Алматы: «Атамұра», 2002. - 768 бет, суретті, карталы.
4. Бекмаханов Е. «Казахстан в 20 - 40 -е годы XIX века»: Учебник - Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992 г. 400 с.
5. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. - Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2018. - 562 с.

РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ РӨЛІ

Қалман Ж.А.

Ғылыми жетекші: Қоскеева Әсемгүл Мұратқызы,
С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ қауым. проф. м.а., PhD доктор.
koskeeva@mail.ru
Астана қ.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) - қазақтың ұлы ғалымы : ориенталист, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы, демократ. Шын аты - Мұхаммедханафия, әжесінің бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтуымен, «Шоқан» аталып кеткен. Туған жері - қазіргі Қостанай облысындағы Құсмұрын көлінің жағасы. Арғы атасы - қазақтың ұлы ханы - Абылай, Шоқан оның